

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Қаратал ауылдық округі Үлкен Қаратал ауылының көшелеріне атау беру туралы

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Қаратал ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 8 шілдедегі № 3 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 15 шілдеде № 28820 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 2-тармағына сәйкес, Үлкен Қаратал ауылының халқының пікірін ескере отырып және Шығыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясы 2021 жылдың 27 желтоқсандағы қорытындысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Үлкен Қаратал ауылының келесі көшелеріне:

- 1 - шартты көшесіне - Раиымхан Есімжанов көшесі;
- 2 - шартты көшесіне - Сейітбек Абылғожин көшесі;
- 3 - шартты көшесіне - Әнуарбек Желдібаев көшесі;
- 4 - шартты көшесіне - Ыбырай Тожыбаев көшесі;
- 5 - шартты көшесіне – Мәмидолда Қасенов көшесі;
- 6 - шартты көшесіне - Әбсежан Қамытбаев көшесі;
- 7 - шартты көшесіне - Шамар Жапсарбаев көшесі деп атау берілсін.

2. "Қаратал ауылдық округ әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді оның ресми жарияланғаннан кейін Зайсан ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қаратал ауылдық округінің әкімі

К. Каримов